

ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУ

Б.Қ.Мұратбек,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент (қауымдастырылған
профессор)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Аннотация. В статье рассматриваются тюркский мир, вопросы тюркологии, тюркские языки. Изучено возникновение казахского языка как науки, каналы развития, систематизация отраслей на научной основе. Рассматривается феномен «тюркизма», а также обсуждается развитие казахского языка на основе тюркологии.

Кілт сөздер: түркітану, қазақ тілі, ғылым салалары, фонетика, лексика, морфология, синтаксис.

Annotation. The article deals with the Turkic world, issues of Turkology, Turkic languages. The emergence of the Kazakh language as a science, development channels, systematization of industries on a scientific basis. The phenomenon of "Turkism" is considered, as well as the development of the Kazakh language on the basis of Turkology.

Keywords: *Turkic studies, Kazakh language, branches of science, phonetics, vocabulary, morphology, syntax.*

Ана тіліміздің құдіреті – сан мыңдаған жылдар бойы халқымызға тән рухани қазынаны бойына сіңіріп, сақтауы. Ол – халқымыздың асыл мұрасын өз бойына сақтап келген, оны бүгінгі күнге жеткізген, келешек ұрпаққа жеткізетін тілдің функциональды қызметтеріне байланысты.

Қазіргі қазақ қоғамындағы ұлттық рух жаңғырып, салт-дәстүрлер қайта жанданып жатқан кезеңге сай рухани-әлеуметтік құбылысты дұрыс бағалап, бағдарлайтын, негізін түсіндіретін заңдылықтар адамның рухани дүниесімен байланысты екенін қазіргі қазақ тіл білімінің антропоэлектік бағыттағы зерттеулері дәлелдеп отыр. Осымен байланысты ұлтты рухтандырып, оның ішкі-сыртқы келбетін өрнектеп көрсететін сипаттардың бірі – тіл.

Ўлттың рухани дүниесі, сонымен сабақтас қалыптасқан материалдық өндіріс пен тұрмыс күйі – халықтың әлеуметтік-психологиялық, мәдени-тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасатын жалпыхалықтық құбылыс. Оның бар сипаты ана тіліміздің бойына сіңіріліп, ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Қазіргі түркі тілдерінің лексикасы өте бай. Түркі сөздік қорында небір тарихи кезеңдерді басынан кешірген, бүгінгі күнге дейін өзінің тілдік ерекше қасиеттерімен, жарасымды әуезімен жеткен төл сөздеріміз де, ғылыми-техникалық, экономикалық, саяси-мәдени қарым-қатынастардың себебінен тілімізге тікелей енген жаңа сөздер де, қазіргі лексикалық норма тұрғысынан қарағанда ескіріп қалған көне сөздер де бар [1, 92].

Түркі халықтары о баста бір негізден өрбігенімен, оның этностық құрамы бір текті емес, әр түрлі ру-тайпалардан, тайпалар одағынан тұрған; олардың тілдерінде де белгілі өзгешеліктер болған. Түрлі табиғи, әлеуметтік жағдайлармен түркі халықтары өздерінің бұрынғы өмір сүрген Орталық Азия жерінен көшіп, мекен ауыстырып Қиыр Шығыс пен Дон өзенінен Қара теңізге дейінгі ұлан-ғайыр өлкеде сапырылысып, жергілікті ру-тайпалармен араласып келгені тарихтан мәлім. Осы араласу кейінірек бөлініп шыққан, жеке түркі халықтардың тіліне, этникалық құрамына, тұрмыс-тіршілігіне әсер еткен.

«Адамзат мәдениетінің ұлан-байтақ Еуроазиялық жазықтықтағы үлкен бір аумағы «Түркі әлеміне» тән. Ол ғана емес, бұл феномен Жер шарының екінші жартысына да етек жайғаны айқындала бастады» деп белгілі тілші ғалым Ә.Ахметов көрсеткендей, «түркі тектес халықтар «Түркі әлемінің» тарихи шеңберінен шығып, жер жүзіндегі 50-ден астам мемлекеттің құзырында жасайтын ең ірі халықтар тобына еніп отыр». Тілінің, салт-дәстүр, дала мәдениетінің тұтастығымен ерекше көзге түсетін «түркі әлемі» туыстық, жақындық, қауымдастық жағынан да бұл кең дүниеде жападан жалғыз емес. «Алтай теориясы» бойынша түркілер тамыры тереңнен қосылатын (біреулер оны генеалогиялық, енді біреулер тарихи байланыс деп қарайтын) бер жағы моңғол, тұңғыс-манжұр, ар жағы жапон, корей, угрофин, орал халықтарымен де жақындығы ғылыми дәлелденген нәрсе. Бұл қауымдастықты салыстыра зерттеу «Алтай теориясының» өзекті мәселесі. Алайда осы бір ғылымға белгілі жалпылама мағлұматты атап өтуіміздегі мақсатымыз: кең байтақ Еуроазия жазықтығында есте жоқ ескі замандардан бері қалыптасып, өзіндік барша

болмысы айқындалған «Түркі әлемінің» өзегі, ұйытқысы болып саналатын, «өлісі» бар, «тірісі» бар, көптеген түркі тілдерінің өзара алыс-жақындығына, ортақ заң-дылықтарымен қатар өзіндік айырмашылықтары да этимологияға қа-тысты. Неге біз «түркілердің тегі бір, сөз түбірі (төркіні) ортақ» дей тұра, сол тілдердің жеке-дара дамуын, дербестігін мойындаймыз? Неге «түркі әлемін» құрайтын түркілердің бір тобы өзара жақсы (тілмашсыз-ақ) түсініссе, екінші бір тобы өзді-өзін шала түсініседі, не мүлдем түсінбейді, аудармашыны қажет етеді? Міне, туыстас түркі тілдерінің табиғатын, тарихи даму үрдісін танып-білудің алғашқы шарты осы сауалдарға жауап беруге байланысты. Ол сауалдың бір сыры түрік ғалымдарының түркі тілдерінің (біздің термин бойынша) баршасын «түрік тілінің لهжелері (яғни «түрік тілінің диалектілері»)» деп қарап, әрбір жеке тілді «қазақ түрікшесі, «өзбек түрікшесі», «татар түрікшесі» т.т. деп атауды дәстүрге айналдыруында болып отыр. Бір қарағанда бұлайша атау тарихи логикаға жат емес. Ондағы аяқ тірер негіз: «түрік тілдері» деген атау (яғни отандық түркітанушылардың дәстүрлі қолданып келген «түркі тілдері» - орысша «тюркские языки») барша түркі тілдеріне өкілеттік міндетін атқарып тұрған атау. Екіншіден, түрк>түрік атауы VIII ғасырдан бастап, Кіші Азия аймағына жан-жақтан жиналып, шоғырланып, тоғысу барысында қалыптасқан конгломерат (қырық ру) қауымның жиынтық атауы. Бұл тоғысу процесінде (қыпшақ, қаңлы, үйсін, қарлұқ т.б.) көптеген түркі тайпаларының ішінен оғыз тайпасы тарихи беделі өсіп, этникалық доминант болып саналса да, түрк>түрік атауы Кіші Азияда шоғырланған барша тайпаның ортақ, жиынтық атауы болып қалыптасты. Міне, «түрк>түрік тілдері» атауының «қолданысында тарихи негіз бар» дегенде айтар уәжіміз осы. Шындыққа салыстыру арқылы көз жеткізуге болатыны дәлелдеуді керек етпейтін тұжырым. Түркі тілдері қаншама жеке-дара дамыса да, қым-қиғаш араласуы бұрынғы замандарға қарағанда әлдеқайда шектелсе де, белгілі топ арасындағы, әсіресе тіл саласындағы жақындық мол сақталғаны да белгілі. Мәселен, қыпшақ тобына жататын қазақ, қырғыз, татар, ноғай, башқұрт, қарақалпақ, қарашай т.б. халықтардың өкілдері өзара тілмәшсіз-ақ еркін қарым-қатынас жасай береді. Оғыз тобына жататын түрік, әзербайжан, түрікмендер туралы да осыны айтуға болады. Ал, енді осы екі топ тілдердің өкілдерінің өзара ауызша қарым-қатынасында дәл сондай жағдай бар деп айту қиын. Енді, «осы бір құбылыстың себебі, түп-төркіні неде?» деген заңды сауал туады. Бұл сауалдың жауабы бізді тіл дамуындағы объективті себептерден көрі, барша түркі тілдерінің ортақ даму заңымен

эрбірінің ішкі даму заңдылықтарына бастайтыны белгілі. Мәселен, екі топты құрайтын оғыз тілдері мен қыпшақ тілдері өкілдерін алып қарайық. Бұлар, тарихына бақсақ, екі басқа дүниеде пайда болған тайпалардан емес, кезінде бір географиялық аумақта өзара жақын, көршілес елдер ретінде бір-бірімен тайпалық конфедерация түрінде жіті араласқан этностар болып саналады. Солай бола тұрса да, көріп отырғанымыздай, бүгінгі түрік тілі мен қазақ тілінің арасында елеулі айырмашылықтардың қалыптасып үлгергенін байқау қиын емес. Олар ең алдымен фонетика саласынан, одан соң морфология, одан соң синтаксис салаларынан байқалады. Дыбыс пен морфологияға байланысты өзгерістердің көбісін біз лексикалық бірлік тұлғаларынан айқын көреміз [2, 6-7]. Дегенмен, бір негізден тарайтын қос тілдің (қазақ-түрік) ортақ лексикасы бар екені даусыз. Бұл мәселені қозғамас бұрын, қос тілді біріктірер «Түркітануға» тоқталмақпыз.

Түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың басым көпшілігі бір кездегі Ресей империясына қарағандықтан, түркітанудың алғаш пайда болған жері, Отаны Ресей болып табылады. Ал, жеке ғылым саласы ретінде қалыптасқан кезі XIX ғасырдың 2-жартысы. Қазіргі кезде түркітану негізінен түркі тілдері мен әдебиетін зерттейтін филологиялық ғылым ретінде сараланды.

Түркі тілдерінің тарихын зерттеудің аса маңызды көздері – Орхон-Енисей, көне ұйғыр жазба ескерткіштері, орта ғасырлық араб, парсы, түркі ғалымдарының еңбектері және XVIII ғасырдан бергі Батыс Еуропа мен орыс ғалымдарының зерттеулері болып табылады. XIX ғ. дейінгі еңбектерде түркі тілдері даралана зерттелуден гөрі жалпы түркі тілдерімен немесе оның жеке топтарымен (оғыз, қыпшақ, қарлұқ т.б.) практикалық түрде танысу негізінде оларға тән заңдылықтарды анықтау, салыстырмалы сөздіктер жасау, шағын грамматикалық очерктер жазу дәрежесінде болды. Сөйтіп, XVIII ғ. 2-жартысында Ресейде түркітану ғылымының негізі салынды. Бұл кезде Мәскеу, Петербург, Қазан қалаларында оның ірі орталықтары қалыптасып, А.Казамбек, О.Бётлинг, И.Н.Березин, Л.З.Будагов, Н.И.Ильминский сияқты түркітанушылар түркі тілдерін теориялық тұрғыда зерттеуге ден қойды.

XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап түркі тілдерінің қай-қайсысы болсын зерттеу объектісіне айналумен бірге, бір-бірімен жүйелі түрде салыстырылып отырды. Көне және орта түркі жазба ескерткіштерінің түркі

тілдеріне генетикалық, құрылымдық қатысы анықталып, түркі тілдерін жіктеуге зор мән берілді.

Сөйтіп, XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап түркітану жеке ғылым саласы ретінде қалыптасты. Оған сол кездегі Петербург мектебінің көрнекті өкілдері В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский т.б. XX ғасыр басында Мәскеу, Қазан мектептерінің көрнекті өкілдері В.А.Гордлевский, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, Н.Ф.Катанов, Н.И.Ашмарин, В.А.Богорадицкий және т.б. зор үлес қосты. Олар бірқатар жалпытүркілік сөздіктер мен күрделі зерттеулер қалдырды.

XVIII-XIX ғасырларда Орал-Алтай тіл білімінің дамуына байланысты түркітанушылық проблемалар Батыс Еуропа ғалымдары Т.Страленберг, В.Шотт, И.А.Кастрен, Г.И.Рамстедт, В.Томсен т.б. еңбектерінде зерттелді.

XX ғасырда бұрынғы КСРО-дағы түркі тілді республикалар мен облыстарда шығыстану ғылымының озық дәстүрлерін сақтай отырып, түркітануды дамытқан ғылыми орталықтар пайда болды. Олардың шетелдік түркітанушылармен халықаралық байланысы күшейді. Кеңес дәуірінде КСРО-дағы түркі халықтары тілдерінің алғашқы ғылыми грамматикалары, әр түрлі сөздіктер шықты. Барлық түркі тілдерінің диалектілері мен говорлары зерттеліп, олардың ерекшеліктері сипатталды.

Қазақ тілі лексикасын алғаш салыстырып зерттеген ғалымдардың бірі – көрнекті неміс ғалымы Г.Ю.Клапрот (1783-1835). Оның 1825 жылы жазылған еңбегінде алдымен қазақ халқы туралы қысқаша тарихи анықтама, одан соң түрік, қазан татары, тобыл татары және моңғол тілдерінің сөздерімен салыстырыла отырып жасаған французша-қазақша сөздікше берілген.

Шыққан мерзімі жағынан ендігі аталатын – М.А.Терентьевтің (1837-1909) «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (СПб, 1875), «Хрестоматия турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (СПб, 1876) деген еңбектері. М.Терентьев еңбегінің алғы сөзінде өзі Түркістан қазақтарының мәнерін құптайтынын және грамматикасының қазақ тіліне қатысты бөлімін Н.И.Ильминскийдің «Материалдарына...» сүйеніп жазғанын, кейін оны Жәңгір Бөкеев пен Г.Ибрагимовтың қарап шыққанын ескертеді. Еңбек негізінде қазақ тілінің морфологиясына арналған, онда зат есім, сын есім, есімдік, жалғаулық, септеулік, демеулік, үстеу, одағай, етістік, көсемше,



есімше, жіктеу, сөзжасам, күрделі сөздер жайында бірқатар талдау жасалған [3, 45-64].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Раева Г. Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктері. Монография. – Алматы: LP-Zhasulan, 2019. – 154 б.
2. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері – Алматы: Сардар, 2014. – 256 б.
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: Ғылым, 2010. - 264 б.